

<sup>1</sup>Палтөре Ы.М.  <sup>2</sup>Омарбекова Ж.Т. 

<sup>1</sup> Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан  
<sup>1</sup> Қожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразиялық ғылыми-зерттеу институты, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, Алматы қ., Қазақстан  
E-mail <sup>1</sup> yktyarp@gmail.com, <sup>2</sup> zhuldyz.omarbekova01@gmail.com

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨПТІЛДІ ҚОЛЖАЗБА МҰРАСЫ: МӘДЕНИ ЖАДЫ, БІЛІМ БЕРУ КАНОНЫ ЖӘНЕ АРАБ-ПАРСЫ-ШАҒАТАЙ МӘТІНДЕРІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ АЙНАЛЫМЫ (ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА ҚОРЫ НЕГІЗІНДЕ)

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының Орталық ғылыми кітапханасы қорында жинақталған араб, парсы және шағатай тілдеріндегі қолжазбалар қоры көптілді интеллектуалдық мұра феномені ретінде зерделенеді. Зерттеу араб тілін исламдық білім жүйесіндегі канондық мәтіндік негіз ретінде қарастырып, оның аймақтық мәдени жады мен медреселік оқыту дәстүрінің қалыптасуындағы рөлін айқындауға бағытталған. Кітапханада сақталған қолжазбалар қоры библиографиялық деректер жиынтығы ретінде емес, ғылыми канонның таралу, бейімделу және тарихи жалғасу тетіктерін көрсететін мәдени-интеллектуалдық құрылым ретінде түсіндіріледі. Зерттеу барысында мәтіндік типология және салыстырмалы әдістер қолданылып, қолжазбалардың мазмұндық бағыттары анықталды. Араб тіліндегі негізгі мәтіндердің құқық, грамматика, сопылық және дидактикалық салаларда басты қызмет атқарып, парсы және шағатай-түркі тілдерінде түсіндірме мен поэтикалық өңдеу арқылы кеңейгені дәйектеледі. Зерттеу нәтижелері бұл қордың бүгінгі Орталық Азия елдерінің исламдық білім кеңістігінің тұтас әрі көпқабатты құрылымын бейнелейтінін көрсетеді. Зерттеудің эмпирикалық негізін «Ғылым ордасы» кешеніндегі орталық ғылыми кітапхана қоры құрайды. Бұл қор Қазақстандағы исламдық қолжазба мұрасының негізгі қоры сақталған әрі репрезентативті жинақтарының бірі ретінде ғылыми айналым үшін айрықша маңызға ие. Зерттеудің мақсаты – «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған араб тіліндегі қолжазбалар мен сирек басылымдарды жүйелеу тәжірибесін мәдени жады, канон қалыптастыру және мәтіндік трансмиссия теориялары тұрғысынан талдау. Сонымен қатар зерттеу араб тіліндегі мәтіндердің Қазақстан аумағындағы исламдық зияткерлік дәстүрдің қалыптасуы мен тарихи білімнің ұрпақтан-ұрпаққа берілу үдерісіндегі рөлін айқындауға бағытталады. Басқаша айтқанда, қолжазбаларды тек библиографиялық нысан ретінде емес, интеллектуалдық сабақтастық пен аймақтық білім желісінің материалдық көрінісі ретінде қарастыру. Осы мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттер қойылады: біріншіден, Қазақстан аумағында сақталған араб тіліндегі канондық қолжазбалардың мазмұндық, тақырыптық және функционалдық құрылымын айқындап, оларды кейінгі кодикологиялық және мәтіндік зерттеулерге ғылыми негіз болатындай етіп жүйелеу; екіншіден, араб тілінде жазылған канондық мәтіндердің парсы және шағатай-түркі тілдеріндегі түсіндірмелік және бейімдеуші дәстүрлермен өзара байланысын талдау арқылы көптілді нителлектуалдық кеңістіктің құрылымдық моделін сипаттау.

**Алғыс:** Бұл мақала BR28712621 «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодикологиялық зерттеу» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

**Кілт сөздер:** көптілді қолжазба мұрасы, араб каноны, мәдени жады, исламдық білім дәстүрі, мәтіндік сабақтастық, Орталық ғылыми кітапхана.

### Кіріспе

Қазақстан аумағында сақталған араб тілді қолжазбалар Орталық Азия елдеріндегі исламдық интеллектуалдық дәстүрдің қалыптасуы мен таралуын зерттеу тұрғысынан өзіндік маңызға ие. Бұл мәтіндер тек діни мазмұндағы шығармалар жиынтығы емес, сонымен қатар құқық, грамматика, астрономия, арифметика, медицина, сопылық ілім, поэтика және педагогикалық әдебиетті қамтитын көпқабатты білім кеңістігінің айғағы болып табылады. Араб тілі Орталық Азия халықтарының діни-философиялық және ғылыми жазба мұрасында жетекші тіл қызметін атқарды. Сондай-ақ араб тілі исламдық білім берудің канондық негізгі мәтіндік өзегі ретінде қызмет атқарып, аймақтық деңгейде парсы және шағатай-түркі тілдеріндегі түсіндірмелік, поэтикалық және дидактикалық еңбектер арқылы кеңейтіліп отырған. Осылайша, көптілді қолжазба дәстүрі канондық мәтін мен оның жергілікті интерпретациялары арасындағы өзара әрекеттестік нәтижесінде қалыптасты.

Мәдени жады теориясы тұрғысынан алғанда, қолжазбалар тарихы білімді сақтаудың ғана емес, оны институционалдық түрде қайта өндірудің де құралы болып саналады. Қолжазбаларды жіктеу үдерісі көбіне техникалық сипатта түсіндірілгенімен, шын мәнінде ол мәтіндік трансмиссия мен канон қалыптастыру механизмдерін айқындайтын мәдени тәжірибе де болып табылады.

Қазақстан кітапханаларында сақталған араб тіліндегі қолжазбалар мен сирек басылымдарды ұлттық шеңберде ғана қарастыру жеткіліксіз. Себебі бұл жазба мұралар Иран, Бұхара, Қазан және Ыстанбұл арасындағы тарихи қалыптасқан трансөңірлік медреселік білім беру желісінің нәтижесі ретінде бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Исламдық білім беру жүйесіндегі сабақтастық пен бейімделгіш трансформация үдерісі мәдени жадының қалыптасуымен тығыз байланысты. Сондықтан аталған қолжазбаларды қазіргі мемлекеттік шекаралар аясында оқшауламай, мұны Орта Азия мен Қазақстан халықтарына ортақ біртұтас интеллектуалдық кеңістіктің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан орынды.

Тарихи даму үдерісінде Иран кеңістігі, соның ішінде Хорасан мен Исфahanның ғылыми орталықтары, исламдық канондық білімнің теориялық-эпистемологиялық негіздерін жүйелеуде және орнықтыруда айрықша маңызға ие болды. Логика, философия, ақида, тіл білімі, арифметика, астрономия, медицина және поэтика салаларында жүйеленген негізгі мәтіндер кейінгі кезеңдерде медреселік оқу бағдарламаларының өзегіне айналды. Бұл канондық мәтіндер араб тілінде бекітіліп, білімнің нормативтік беделін орнықтырды.

Бұхара медреселері аталған мәтіндік канонды қабылдап қана қоймай, оны *шархтық* (түсіндірмелік) дәстүр арқылы институционалдық жүйеге енгізді. Мұнда «*мәтін – шарх – хашия*» моделі негізінде білімді сақтау, тарату және интерпретациялау тетігі яғни түсіндіру құрылымы бекіді. Бұхара кеңістігі осы тұрғыда теориялық мәтінді практикалық оқыту құрылымына айналдырған интерпретациялық орталық қызметін атқарды. Мұнда атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған ғалымдар шоғыры қалыптасты. Бұл туралы ұстазымыз профессор Муминов А.К: «Орталық Азияда фақихтардың отбасылық әулеттері кеңінен таралған болатын. Қарастырылып отырған кезеңде Бұхарада аз-Заранджари (3 адам), ар-Ригдамуни (3), Саффарида (5), Ифтихар ад-дин әл-Бұхари (3), Захир ад-дин әл-Марғинани (3), Садр әулеті (8), әл-Махбуби (4) отбасылары белгілі болды. Самарқандта Саййидтер (3 адам), әл-Паздави (5), әл-Маххули (3), Бурхан ад-дин әл-Марғинани (6) әулеттері танымалдыққа ие болды. Бұл отбасыларды біліммен қатар ресми қызметтер де көбіне мұрагерлік жолмен беріліп отырған», – деген пікір білдірген (Муминов, 2015).

Ал енді XIX-XX ғасырлар тоғысында Қазан медреселері бұл дәстүрді жаңа тарихи жағдайда қайта пайымдады деуге болады. Нақтырақ айтқанда, Қазан кеңістігінде

классикалық исламдық эпистемология мен модернизациялық реформалар өзара ықпалдасты. Нәтижесінде мәтіндік канон сақталғанымен, оны оқыту формалары мен педогогикалық әдістері жергілікті халықтың салт-санасына бейімделді. Бұл өзгерісті білім беру дәстүрінің үзілуі емес, оны жаңа жағдайға бейімдей отырып жалғастыру деп түсіне қажет. Діни білім беру 1909 жылдарға дейін үзілмей жалғасқанын М.Рамзидің: «...Христиан емес немесе діни орыстардың дінінен бөлек болғандар өз дінінің ілімдерін өз діні мен шарифаты қалай бұйырса, солай оқиды...», – деген сөзінен аңғарамыз (Рамзи, 1909).

Ал Істанбұл медреселері аталған желінің институционалдық тұрғыдан ең жоғары ұйымдасқан буыны болды. Осман империясы кезеңінде білім беру жүйесі мемлекеттік басқару құрылымымен байланыстырылып, ғылыми канонның үздіксіз сақталып, оның қайта өндірілуі қамтамасыз етілді. Осылайша білім трансфері жеке ғалымдардың қозғалысымен ғана шектелмей, институционалдық деңгейде орталықтардырылған сипатқа ие болды деп тұжырымдауға болады.

Осы аталған трансөңірлік желі аясында білімнің таралуы бірнеше механизм арқылы жүзеге асты: канондық араб мәтіндері, ғалымдар мен шәкірттердің миграциясы, қолжазбалардың көшіру және айналым тәжірибесі, сондай-ақ ұстаз беделіне негізделген білімнің заңдылығы мен мойындалуы, яғни интеллектуалдық легитимация. Тарихи деректерге сүйенсек, сауда керуендері мен қажылық сапарлары рухани және ғылыми байланыстардың нығаюына елеулі ықпал етті. Бұл факторлар араб тілін ортақ ғылыми тіл ретінде орнықтырып, әртүрлі аймақтар арасындағы танымдық әрі рухани бірегейлікті сақтауға өзіндік үлес қосты.

Осы үдерістің нәтижесінде Орталық Азия кеңістігі тек исламдық білімді қабылдаушы аймақ ретінде емес, оны қайта өңдеп, жаңа тарихи контексте дамытушы интеллектуалдық орталық ретінде қалыптасты. Медреселік білім құрылымында араб, парсы және шағатай-түркі тілдерінің қатар қолданылуы көпқабатты мәтіндік ортақ қалыптастырды. Араб тіліндегі канондық еңбектер парсы тіліндегі *шархтық* (түсіндермелік) және *хашиялық* (мәтін шетіне жазылған қосымша түсіндірмелік) дәстүр арқылы концептуалдық тұрғыдан игеріліп, кейін шағатай және түркі жазба мәдениетінде бейімделіп, жаңа әлеуметтік-мәдени контексте қайта түсіндірілді. Бұл көптілді тәжірибе аймақ ғалымдарының танымдық ойлау қабілетін кеңейтіп, әртүрлі ғылыми дәстүрлерді еркін меңгеруіне елеулі ықпал етті деп пайымдауға негіз бар.

### Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу жұмысы сапалық бағыттағы кешенді әдіснамалық ұстанымға негізделіп, араб тіліндегі қолжазбалар мен сирек басылымдарды көпдеңгейлі талдау арқылы зерделеуді көздейді. Эмпирикалық база ретінде «Ғылым ордасы» кешеніндегі Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған шығыс тіліндегі, соның ішінде араб тіліндегі қолжазбалар мен сирек кітаптар алынды. Материалдар зерттеу мақсатына сәйкес мазмұндық құрылымы, тілдік құрамы және функционалдық арналары тұрғысынан репрезентативті корпус ретінде іріктелді.

Зерттеу барысында мәтіндік-типологиялық және тақырыптық жіктеу әдістері қолданылды. Қолжазбалар мазмұндық және функционалдық ерекшеліктеріне қарай діни-теологиялық, құқықтық (*фиқһ және усул әл-фиқһ*), грамматикалық, сопылық, философиялық, педагогикалық және дидактикалық бағыттар бойынша жүйеленді.

Аталған жіктеу мәтіндердің қоғамдағы функционалдық рөлін, медреселік білім беру жүйесіндегі орнын және канондық мәртебесін айқындауға бағытталды. Сонымен қатар араб тіліндегі канондық мәтіндер мен парсы, шағатай-түркі тілдеріндегі түсіндермелік және бейімдеуші дәстүрлер арасындағы интертекстуалдық және концептуалдық байланыстар да ескерілді.

Теорилық негіз ретінде мәдени жады, канон қалыптастыру және мұра трансформациясы тұжырымдамалары басшылыққа алынды. Бұл әдіснамалық ұстаным қолжазбаларды статикалық мұра нысаны ретінде емес, тарихи кезеңде барысында мағыналық тұрғыдан өзгеріп, қайта интерпретацияланып отыратын динамикалық мәдени құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

### Талқылау

Бірқатар қазақ, өзбек және түрік зерттеушілері осы зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектер жазған (Муминов, 2015; Қамбарбекова, 2011; Насруллаев 2024 және т.б.). Алайда осы тақырып бойынша қолда бар ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау көрсеткендей, Қазақстандағы Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған араб тіліндегі қолжазбалар мен сирек басылымдар көбіне сипаттамалық деңгейде қарастырылып, олардың мәтіндік трансфері мен концептілік қабылдану үдерістері арнайы ғылыми талдауға түсе қоймаған.

Иран, Бұхара, Қазан және Ыстанбұл арасындағы медреселік желі Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы зияткерлік мәдениеттің тарихи қалыптасуын түсіндірудің негізгі аналитикалық моделі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл желі исламдық білім беру жүйесінің үздіксіз сабақтастығы мен бейімделгіш трансформациясын айқындайтын динамикалық құрылым болып табылады.

Исламдық білім беру кеңістігінде тілдердің атқаратын қызметі біртекті емес, керісінше, олардың әрқайсысы білімнің өндірілуі, таралуы және қайта құрылуы үдерістерінде өзіндік функционалдық рөлге ие болды. Осы тұрғыдан алғанда, араб тілі исламдық білім беру жүйесінде негізгі ғылыми әрі ақпараттық тіл ретінде орнықты. Діни, құқықтық, философиялық және лингвистикалық білімнің канондық мәтіндері араб тілінде жазылып, ғылыми беделді қалыптастыру мен интеллектуалдық тұрғыдан танылуың негізгі тетігі болды.

Ал парсы тілі исламдық білім жүйесіндегі трансферлік қызмет атқарып, арабша қалыптасқан ғылыми мазмұнды кең географиялық кеңістікке таратуда дәнекер тіл рөлін атқарды. Ол түсіндірме, интерпретация және әдеби бейімдеу арқылы білімнің жаңа мәдени ортаға енуіне айтарлықтай ықпал етті. Жергілікті халықтың күнделікті қарым-қатынас және жазба мәдениетінде кең қолданылған шағатай тілі мен түркі (қазақ, өзбек, татар, ұйғыр, т.б.) тілдері исламдық білімнің бейімделген нұсқаларына қалыптастырған маңызды тілдік орта болды. Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған осы тілдердегі *қадимше* (араб графикасындағы) жазба дәстүрі аймақтық діни-ағартушылық үдерістердің айқын көрінісін береді.

Араб және парсы тілдеріндегі канондық еңбектер аталған тілдер арқылы жергілікті элеуметтік, мәдени және педагогикалық жағдайларға икемделіп, мазмұндық тұрғыдан қайта интерпретацияланды. Нәтижесінде исламдық білім аймақтық ерекшеліктермен ұштасқан жаңа функционалдық сипатқа ие болды. Бұл құбылысты қазіргі ғылыми дискурста «Дәстүрлі ислам» ұғымымен байланыстыруға болады.

Қысқаша айтқанда, мұндай тілдік құрылым исламдық білімнің трансөңірлік кеңістікте тек сақталып қана қоймай, уақыт өте жаңарып, әр тарихи кезеңге бейімделіп, үздіксіз жалғасуына мүмкіндік бергенін көрсетеді.

Енді қолжазбаларды топтастырып көрейік. Бұл топтастыру барысында И.Усмановтың «Өзбекстандағы араб тілі: өткені мен бүгіні» атты араб тілінде жарияланған мақала мәтініндегі кестелер (Усманов, 2018) негізге алынғандығын ескертеміз.

*Медреселердегі оқыту деңгейіне қарай тізімделуі:*

*Қағидат ал-Бағдади – قاعدة البغدادی (Бағдади әліппесі);*

*Мұғалим сәни – المعلم الثاني (Екінші мұғалім);*

Әсәнид Әууәл – أساند أول (Бірінші, бастапқы тіректер);  
Хафт йак – هفت يك (Құранның жетіден бір бөлігі);  
Құран кәрім – قرآن كريم (Құранның толық нұсқасы);  
Рисәлә фард айн – رسالة فرض عين (Әрбір мұсылманға жеке міндетті амалдар туралы рисала);

Чахор китаб – چهار كتاب (Төрт кітап);  
Қиссату Диуане Машираб – قصة ديوانه مشرب (Диуан Машрабтың қиссасы);  
Диуан Жазби – ديوان جذبي (Жазби диуаны);  
Хафиз Ширази (حافظ شيرازي) – Диуан Хауәже Хафиз (ديوان خواجه حافظ);  
Абдулқадыр Бидил Мирза (عبد القادر بيدل ميرزا) – Диуан Бидил (ديوان بيدل);  
Мұхаммед әл-Фудули (محمد الفضولي) – Диуане Фудули (ديوان فضولي);  
Әлішер Науаи (علي شير نوائي) – Диуане Науаи (ديوان نوائي);  
Әлішер Науаи (علي شير نوائي) – Лисән әт-Тайр (لسان الطير) (Құстар тілі);  
Әбу Насыр әл-Фараһи (أبو نصر الفراهي) – Нисаб әс-Сыбиан (نصاب الصبيان) (Араб тілінің грамматикасын балаларға үйретуге арналған оқу құралы);  
Мирза Зәһид (مرزا زاهد) – Махариж әл-Хуруф уә Қауәид әл-Құран (مخارج الحروف وقواعد القرآن) (Араб әріптерінің ауыз қуысындағы дыбысталу орындары және Құран оқу қағидалары);  
Сопы Алпаяр (صوفي الله يار) – Мәсләк әл-Муттақин (مسلك المتقين) (Тақуалардың жолы).

Араб тілінің морфологиясы мен синтаксисіне қатысты еңбектер топтамасы:

Әууәл илм – أول علم (Алғашқы ғылым, ғылымға кіріспе);  
Бидән – بدان («Біл!») (Біліп ал!) деп аталатын араб тілінің морфологиясына арналған кітап);  
Әл-‘Ауамил әл-Миәһ – العوامل المئة (Араб тіліндегі жүз грамматикалық факторлар);  
Манзумату әл-‘Ауамил – منظومة العوامل (Амал, факторлар жайындағы поэтикалық жүйе);  
Әл-‘Изза фит-Тасриф – العزى في التصريف (морфология бойынша «әл-‘Изза» еңбегі);  
Тасриф әз-Зәнжәни: Шарх әс-Са‘дия – شرح السعدية (Зәнжәни морфологиясы: Сағдия түсіндірмесі);  
Әл-Харакәт уә Мәсәләт әл-Хуруф – الحركات ومسألة الحروف (Дауысты дыбыстар және әріптер мәселесі);  
Китаб әд-Дарири – كتاب الضريري (Дарири кітабы);  
Китаб әл-Әнмузәж – كتاب الأنموذج (Үлгілер кітабы, қысқаша грамматикалық үлгілер жинағы);  
Усман ибн Умар, әл-Маъруф би Ибн әл-Хажиб (عثمان بن عمر المعروف بابن الحاجب) – Әш-Шәфия фи әс-Сарф (الشفافية في الصرف) (Морфология (сарф) ілімі бойынша негізгі еңбек);  
Шарх Жәр Бәрди – (شرح جار بردي) (Жәр Барди түсіндірмесі);  
Низами – نظامي (Низами нұсқасы);  
Әл-Уәфия – الوافية (Толықтаушы);  
Шарх ар-Ради – شرح الرضي (Ар-Ради түсіндірмесі);  
«Әл-Кәфия фи ән-Наху – الكافية في النحو» (Синтаксис ілімі бойынша «жеткілікті» еңбек);  
Фәуәид әд-Дияййә – (فوائد الضيائية) («Дияййә» еңбегіне қатысты пайдалы түсіндірмелер жинағы);  
Әл-Фәтәуә әл-Һиндия – الفتاوى الهندية (Үндістанда құрастырылған фәтуалар жинағы);  
‘Исам әд-Дин – عصام الدين (‘Исамуддин түсіндірмесі);  
Ар-Радиа – الرضية (Радиа нұсқасы);  
Шарх Мулла Жәми – شرح ملا جامي (Молла Жәми түсіндірмелері).

Дерекке сүйенсек, «...Самарқанд және оған іргелес қалаларда оқу жүйесі үш деңгейге бөлінді: «әднә» (ең төменгі, бастапқы деңгей), «аусат» (орта деңгей), және «ә’лә» (жоғары

деңгей). Бұл деңгейлер бірізді түрде жалғасып, оқу бағдарламалары мен әдебиеттер уақыт өте келе жүйелі түрде толықтырылып отырды.

Бірінші кезең 9-10 жылға созылды. Бұл кезеңде шәкірттер Құран аяттары мен хадистерді жаттауға, шарият негіздерін меңгеруге, араб және парсы тілдерін үйренуге, арифметикаға, әдеп пен мінез-құлық қағидаларына назар аударды. Осы кезеңде «*Әууәли илм*», «*Бидан*», «*Му'иззий*» сияқты кіріспе пәндер оқытылды. Одан кейін «*Зәнжәни*», «*Харкәт*», «*Фиқһи Кидәни*» және «*Мухтасар әл-Уиқая*» жалғасы оқытылды. Алтыншы және жетінші жылдары «*Шарх-и Мулла*» және басқа да еңбектер қарастырылды. Сегізінші және тоғызыншы жылдары «*Шамсия*» мен «*Суллам әл-Улум*» сияқты әдебиеттер арнайы құралдарының көмегімен оқытылды» (Насруллаев, 2024).

Осы арада айта кететін бір мәселе, жоғарыдағы тізімде келтірілген «*әл-Фәтәуә әл-Һиндия – الفتاوى الهندية*» (Үндістанда құрастырылған фәтуалар жинағы) кейде «*әл-Фәтәуә әл-Аләмғирийә – الفتاوى العالمگیرية*» (Әламғир дәуіріндегі фәтуалар) деген атпен де кеңінен танымал. Бұл Ханафи мәзһабы аясындағы құқықтық нормаларды жүйелеген іргелі энциклопедиялық (шамамен 1670-1675 жж. араб тілінде жазылған) жинақ. Еңбек XVII ғасырдың екінші жартысында Ұлы Моғол мемлекетінің билеушісі Аурангзеб Әламғирдің бастамасымен құрастырылған. Оның негізгі мақсаты – Үндістан аумағындағы мұсылман сот тәжірибесін біріздендіру және құқықтық шешімдерді Ханафи доктринасы негізінде жүйелеу болды.

*Әдеп, адамгершілік және сопылық әдебиет:*

Са'ди Ширази (سعدي الشيرازي) – *Кәримә* (كریما) (жомарттық пен ізгілікке арналған насихат өлеңдері). Бұл классикалық парсы тілінде жазылған адамгершілік, жомарттық, рухани тәрбие бағытында жазылған дидактикалық поэзия, ахлақ кітабы.

Са'ди Ширази (سعدي الشيرازي) – *Гүлстан* (گلستان). Классикалық парсы тілінде жазылған мораль, қоғам, адам мінезі, өмірлік ғибрат беруге арналған прозалық-өлеңдік ахлақтық шығарма.

Са'ди Ширази (سعدي الشيرازي) – *Бустан* (Жұмақ бағы) (بوستان). Бұл еңбекті де парсы тіліндегі әділет, сабыр, тақуалық, рухани кемелденуге бағытталған поэтикалық дидактика, ахлақ кітабы деуге болады.

Бурһан ад-Дин Зәрнужи (برهان الدين الزرنوجي) – *Та'лим әл-Мутә'аллим* (تعليم المتعلم) (Оқушыны оқыту, білім алушыға нұсқау). Бұл араб тілінде білім алу әдебі, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс, оқу-үйрету кезіндегі ниеттің дұрыс болуы, т.б. маңызды мәселелерге арналған педагогикалық-ахлақтық трактат.

Ибн Хажар әл-Асқалани (ابن حجر العسقلاني) – *Мунабиһат* (منبهات) (Ескертулер, насихаттар). Бұл араб тіліндегі рухани сергектік, күнәдан сақтану, тақуалық бағытындағы насихаттық-ахлақтық жинақ.

Сопы Аллаяр (صوفي الله يار) – *Мурад әл-Арифин* (مراد العارفين) (Ғарифтердің мұраты, Хақ жолын танушылардың мақсаты). Бұл еңбек түркі (шағатай әдеби) тілінде сопылық жол, рухани тәрбие, ішкі кемелденуге үндейтін сопылық-дидактикалық бағыттағы кітап.

Имам Ғазали (الإمام الغزالي) – *Мәнһәж әл-Абидин* (منهج العابدین) (Ғибадат етушілер жолы). Бұл араб тіліндегі ғибадат сырлары, нәпсі тәрбиесі, рухани жолды баяндайтын сопылық-ахлақтық мазмұндағы трактат.

*Фиқһ және усул әл-фиқһ еңбектері:*

Фазыл Лутфулла әл-Кидәни (فاضل لطف الله الكيداني) – *Фиқһ әл-Кидәни* (فقه الكيداني);

Әбу Хафс Омар ән-Нәсәфи (أبو حفص عمر النسفي) – *Зулләту әл-Қари* (زلة القارئ);

Убайдулла ибн Тәж әш-Шарифа әл-Бұхари (عبيد الله بن تاج الشريعة البخاري) – *Мухтасар әл-Уиқая* (مختصر الوقاية);

Абд әл-Али әл-Баржәнди (عبد العلي البرجندي) – *Жәми' әр-Румуз* (جامع الرموز)

«Уиқая» кітабына қатысты еңбектер:

Убайдулла ибн Тәж әш-Шариға әл-Бұхари (عبيد الله بن تاج الشريعة البخاري) – *Уиқаят ар-Риуая* (وقاية الرواية);

Абд әл-Хақим (عبد الحكيم) – *Шәрх әл-Уиқая* (شرح الوقاية);

Әли әл-Қари (علي القاري) – *Хашият әт-Тәриһ* (حاشية الترشيح);

Әл-Марғинани мектебі:

Бурһан әд-Дин әл-Марғинани (برهان الدين المرغيناني) – *әл-Һидәя* (الهداية);

Камал әд-Дин ибн әл-Хумам (كمال الدين بن الهمام) – *әл-Иһәя* (العناية);

Жалал әд-Дин әл-Курлани (برهان الدين الكرلاني) – *әл-Кифәя* (الكفاية);

Бурһан әд-Дин әл-Марғинани (برهان الدين المرغيناني) – *ән-Нһәя* (النهاية);

Камал әд-Дин ибн әл-Хумам (كمال الدين بن الهمام) – *Фәтх әл-Қадир* (فتح القدير).

Осы арада, Бурһан әд-Дин әл-Марғинани оқу құралы ретінде еңбек жазуда өзіндік тәсіл іздеді. Оның бұл бағыттағы алғашқы қадамы – «*Бидәят әл-Мубтади*» атты еңбекті құрастыру болды, деген пікірді келтіре кетуді орынды деп санаймыз. Кейін ол өзінің «*әл-Һидәя фи Шарх Бидәят әл-Мубтади*» атты еңбегінде доктринаны жаңа жүйемен ұсынды. Бұл шығарма 573/1178 жылы Самарқандта айтып отыру арқылы жаздырылған...

Бұл шығарма Ханафи мәзһабы аясында негізгі еңбекке айналуы тиіс болды: *әл-Кәфәуи* өз еңбегінде әрбір фақих үшін екі түрлі риуаят тізбегін (*силсиласын*) көрсетеді. Біріншісі тізбек – мәзһаб негізін қалаушы, эпоним Әбу Ханифадан бастау алатын құқықтық дәстүрдің жалғасу желісі, ал екіншісі – Бурһан әл-Дин әл-Марғинанидің «*Китаб әл-Һидәя*» еңбегінің жеткізілу (риуаят етілу) тізбегі (Муминов, 2015).

*Усул әл-Фикһ:*

Низам әд-Дин әш-Шәши (نظام الدين الشاشي) – *Усул әш-Шәши* (أصول الشاشي);

Хафиз әд-Дин ән-Насафи (حافظ الدين النسفي) – *Мәнар әл-Әнуар* (منار الأنوار);

Молла Жиуан әс-Сиддиқи (ملا جيون الصديقي) – *Нур әл-Әнуар* (نور الأنوار);

Убайдулла ибн Тәж әш-Шариға әл-Бұхари (عبيد الله بن تاج الشريعة البخاري) – *әт-Танқих фи әл-Усул* (التنقيح في الأصول);

Убайдулла ибн Тәж әш-Шариға әл-Бұхари (عبيد الله بن تاج الشريعة البخاري) – *әт-Таудих фи әт-Танқих* (التوضيح في التنقيح);

Челеби (جلبي) – *Шарх әш-Шарх* (شرح الشرح).

*Қасидалар (діни поэзия):*

Сираж әд-Дин әл-Әуши (سراج الدين الأوشي) – *Қасидату бәди әл-Әмәли* (قصيدة بدء الأمالي);

Абудулқадир әл-Жәләни (عبد القادر الجيلاني) – *Қасидату Ғусия* (قصيدة غوثية);

Мұхаммед ибн Сә'ид әл-Бусайри (محمد بن سعيد البوصيري) – *Қасидату әл-Бурдаһ* (قصيدة البردة);

Кә'б ибн Зәһир әл-Музани (كعب بن زهير المزني) – *Қасидату Бәнәт Су'ад* (قصيدة بنات سعاد).

Бұл тізімдегі еңбектердің авторлары Бұхара, Самарқанд, Насаф, Шаш және Осман империясы арасындағы Ханафи құқықтық және сопылық білім желісінің тарихи, рухани байланысын көрсетеді. Сондай-ақ бұл еңбектерде «*мәтн*», «*шарх*», «*хашия*», «*қасида*» үлгісі кең тарағандығын аңғарамыз. Түсінікті етіп, қысқаша айтар болсақ:

• *Мәтн* (متن) – пәннің өзегін қысқаша түрде формула сияқты етіп беретін негізгі мәтін (мыс.: «*әл-Һидәя* – الهداية»);

• *Шарх* (شرح) – «*мәтн*» -ді таратып түсіндіретін кең түсіндірме (мыс.: «*әл-Иһәя фи шарх әл-Һидәя* – العناية في شرح الهداية»);

• *Хашия* (حاشية) – «шарх»-қа немесе «мәтін»-ге жазылған қосымшалар: термин, дәлел, таласты мәселелер, салыстырулар. Басқаша айтқанда, «мәтін» шетіне жазылған қосымша түсіндірмелер.

• *Қасида* (قصيدة) – жаттауға ыңғайлы дидактикалық (ақида, әдеп, ілім негіздері туралы) поэзия (мыс.: «Бәд әл-Әмәли – بدء الأمالي»).  
Білім берудің, оқытудың мұндай тәсілі медреселерде оқып жүрген шәкірттерге «жаттау», «түсіну» және «пікірталас жасау» қабілетін жүйелі түрде дамытуды қамтамасыз етті деуге болады.

*Ақида (сенім негіздері) саласына қатысты еңбектер тізімі:*

Әбу Ханифа ән-Нұғман ибн Сәбит (أبو حنيفة النعمان بن ثابت) – *әл-Фиқһ әл-Әкбар* (الفقه الأكبر).

Бұл кітап туралы айтылуы тиіс маңызды бір мәселе бар. Имам Әбу Ханифа өмір сүрген ерте ислам дәуірінде «фиқһ» ұғымы кейінгі құқықтық мағыналық шектеуде емес, кең мағынада қолданылған. Бұл кезеңде «әл-Фиқһ – الفقه» дінді тұтастай терең түсіну мағынасын білдіріп, сенім, дүниетаным және діни қағидаларды қамтыған кешенді ұғым ретінде орныққан.

Бір сөзбен айтқанда, «әл-Фиқһ әл-Әкбар – الفقه الأكبر» классикалық амалдық фиқһ еңбегі емес, бұл еңбек ерте ханафилік ақида мен кәләм дәстүрінің қалыптасуын айғақтайтын іргелі мәтін ретінде бағаланады. Сондықтан біз бұл кітапты ақида саласына қатысты еңбектер қатарына қосып отырмыз.

Әбу Хафс ‘Омар ән-Нәсәфи (أبو حفص عمر النسفي) – *‘Ақәид ән-Нәсәфи* (عقائد النسفي);

Адуддин ‘Абдурахман ибн Ахмад әл-Ижи (عضد الدين عبد الرحمن بن أحمد الإيجي) – *әл-‘Ақәид әл-‘Адуддия* (عقائد العضدية);

*Ақида кітаптарына жазылған шархтар:*

Әбу әл-Мунтәһә Ахмад ибн Мұхаммад (أبو المنتهي أحمد بن محمد) – *Шарх әл-Фиқһ әл-Әкбар* (شرح الفقه الأكبر);

Молла Ахмад (ملا أحمد), Рамазан Әфенди (رمضان أفندي), Молла Ильяс (ملا إلياس), Мәуләнә Хайали (مولانا خيالي) – *Шарх ‘Ақәид ән-Нәсәфи* (شرح عقائد النسفي);

Молла Жәләл әд-Диуани (ملا جلال الدواني) – *Шарх әл-‘Ақәид* (شرح العقائد);

Мәуләнә Шариф (مولانا شريف), Ахунд Шейх (أخوند شيخ), ‘Абд әл-Хаким (عبد الحكيم) – *Татиммәту әл-Хауаши* (تتمة الحواشي).

*Такмиләту әл-Хауаши* (تكملة الحواشي). Бұл кітаптың авторлары медреселік дәстүрде әртүрлі ғалымдарға телінеді.

*Тәпсір және Хадис саласына қатысты еңбектердің тізімі:*

Уәли әд-Дин Тебризи (ولي الدين التبريزي) – *Мишкәт әл-Масабиһ* (مشكاة المصابيح);

Али әл-Қари (علي القاري) – *Мирқату әл-Мәфәтиһ* (مرقاة المفاتيح);

Жәләл әд-Дин әл-Мәхалли (جلال الدين المحلي), Жәләл әд-Дин әс-Суюти (جلال الدين السيوطي) – *Тәфсир әл-Жәләләйн* (تفسير الجلالين);

Хафиз әд-Дин ән-Нәсәфи (حافظ الدين النسفي) – *Тәфсир әл-Мәдәрик* (تفسير المدارك);

Мухмуд әз-Зәмахшари (محمود الزمخشري) – *Тәфсир әл-Кәшишәф* (تفسير الكشاف);

Насыр әд-Дин әл-Бәйдауи (ناصر الدين البيضاوي) – *Тәфсир әл-Қәди* (تفسير القاضي).

Шарх/Хашия авторлары: Шейх Заде (شيخ زاده), әт-Тәфтәзәни (التفتازاني), ‘Абу әл-Хаким (عبد الحكيم);

Мұхаммед ибн Исма‘ил әл-Бұхари (محمد بن إسماعيل البخاري) – *Саһих әл-Бұхари* (صحيح البخاري);

*Тіл және Тарих саласы бойынша кітаптар тізімі:*

Исма‘ил ибн Хамад әл-Жауһари (إسماعيل بن حماد الجوهري) – *Сахих әл-Жауһари* (صحیح الجوهري);

Ахмед ибн Халикән (أحمد بن خلكان) – *Уәфәят әл-Әһян* (وفيات الأعيان);

Ато Мәлік әл-Жуәйни (عطاء ملك الجويني) – *Тарих Жаһанкушәй* (تاريخ جهانكشاي).

Бұл тізімдемеде көрсетілген ақида, тәпсір, хадис, тіл және тарих салаларындағы «мәтін», «шарх», «хашия» үлгілеріндегі еңбектер Орталық Азиялық діни білім беру саласындағы оқу жүйесіне негізделген медреселік оқу құралдары деуге болады.

Осы арада шәкірттердің өз бетімен оқуы тиіс кітаптардың тізімін де айта кету орынды. Олар:

*Тіл білімі бойынша:*

Қамусул-луғат (قاموس اللغات) авторы белгісіз (лексикографиялық жинақ);

Әбу Бәкір әл-Бәйһәқи (أبو بكر البيهقي) – *Тәж әл-Масадир* (تاج المصادر);

Сирах фи әл-Луғат (صراح في اللغات) авторы нақты емес (оқу-анықтамалық кітап).

*Тарих және биографиялық еңбектер тізімі:*

Ахмед ибн Халикән (أحمد بن خلكان) – *Уәфәйт әл-Әһийән* (وفيات الأعيان);

*Тарих Искандариә* (تاريخ إسكندرية) авторы белгісіз, әртүрлі нұсқалары бар.

Ато Мәлік әл-Жуәйни (عطاء ملك الجويني) – *Тарих Жаһангушәй* (تاريخ جهانكشاي);

Мұнан бөлек «Қиын мәтіндер – المشكلات» яғни «Кәсіби пәндер» де бар. Олар:

*Тәжуид және Қырағат бойынша:*

Шәмс әд-Дин әл-Жәзри (شمس الدين الجزري) – *Муқаддимату әт-Тәжуид* (مقدمة التجويد);

Әбу Мухаммад әл-Қасым әш-Шатыби (أبو محمد القاسم الشاطبي) – *Жизру әл-Әмәни* (جزر الأماني) немесе *әш-Шәтибиә* (الشاطبية);

Шархтары: Әбу Шәмәһ (أبو شامة), Али әл-Қари (علي القاري), әл-Қыстиләни (القسطلاني).

*Фараид (мұрагерлік құқық) бойынша:*

Сираж әд-Дин әс-Сәжәуәнди (سراج الدين السجاوندي) – *Фәраид әс-Сиражиә* (فرائض السراجية).

Шархы: Мир Сәйд Шәриф (مير سيد شريف).

*Бәләга, логика, философия саласы бойынша:*

Жәләл әд-Дин әл-Қазуини (جلال الدين القزويني) – *Тәлхис әл-Мифтах* (تلخيص المفتاح);

Афиф әд-Дин әл-Әбһари (عفيف الدين الأبهري) – *әл-Исағужи* (الإيساغوجي). Шархы: Мулла Садық (ملا صادق);

Нәжм әд-Дин әл-Кәтиби (نجم الدين الكاتبي) – *әш-Шәмсиә фи әл-Мантық* (الشمسية في المنطق).

Шархы: Құтұб әд-Дин әр-Рази (قطب الدين الرازي);

Азз әд-Дин әл-Кәтиби (عز الدين الكاتبي) – *Әдәб әл-Мунәзира* (آداب المناظرة).

*Философия және кәлам саласы бойынша:*

Са‘д әд-Дин әл-Тәфғәзани (سعد الدين التفتازاني) – *Тәһзиб әл-Мантық уә әл-Кәләм* (تهذيب المنطق) (القاضي مبارك); Шархы: Жәләл әд-Дин әд-Дәуәни (جلال الدين الدواني);

Әл-Кәтиби әл-Қазуини (الكاتب القزويني) – *Хикмәт әл-Айн* (حكمة العين). Хашиясы: Мир Сәйд Шәриф (مير سيد شريف).

*Медицина саласы бойынша:*

Ибн Сина (ابن سينا) – *әл-Қанун фи ат-Тыбб* (القانون في الطب);

Әл-Чағмини (الچغميني) – *Қанунше* (قانونچه).

*Астрономия саласы бойынша:*

Әл-Чағмини (الچغمني) – *Шарх әл-Жағмини бил-Мулаххас фил-Һәйәһ* (شرح الجغمني بالملخص) (في الهيئة) (Әл-Чағминидің «Астрономия жөніндегі қысқаша трактатына» жазылған түсіндірме).

*Арифметика саласы бойынша:*

Бәһә әд-Дин әл-‘Амили (بهاء الدين العاملي) – *Хуласат әл-Хисаб* (خلاصة الحساب) (Арифметиканың қысқаша жинағы);

*Әдебиет, поэзия, сопылық саласы бойынша:*

Хафиз әш-Ширази (حافظ الشيرازي) – *Диуан Хауажа Хафиз* (ديوان خواجه حافظ);

Абдулқадыр Бидил (عبد القادر بيدل) – *Диуан Бидил* (ديوان بيدل);

Әлішер Науаи (علي شيرازي) – *Диуан Науаи* (ديوان نوائي);

Әлішер Науаи (علي شيرازي) – *Лисан әт-Тайр* (لسان الطير);

Софы Аллаяр (صوفي الله يار) – *Мәсләк әл-Муттақин* (مسلك المتقين) (Тақуалардың жолы).

Аталған еңбектер медреселік білім беру жүйесінің көпсалалы сипатын айқын көрсетеді. Тіл білімі, *мантиқ* (логика), *кәләм* (исламдық теология), *фиқһ*, *хадис*, философия, медицина, астрономия, арифметика және әдебиет сияқты ғылымдардың бір оқу кеңістігінде тоғысуы білім мазмұнының жүйелі және кононға негізделген түрде ұйымдастырылғанын аңғартады. Бұл құрылым пәндік бытыраңқылық емес, мәтіндік иерархияға сүйенген тұтас интеллектуалдық модельдің болғанын дәлелдейді.

Медреселердегі оқу тәжірибесі сатылы мәтіндік игеру қағидасына негізделді: алдымен ықшам канондық *мәтіндер* меңгеріліп, теориялық негіз қаланды; кейін *шархтар* арқылы мазмұндық өріс кеңейтілді; ал *хашиялар* деңгейінде ұғымдарды талдау, салыстыру және пікірталастық интерпретация жүзеге асты. Осы үдеріс білімді статикалық қабылдау емес, мәтінді әр буында қайта пайымдау және тереңдету мәдениетін қалыптастырды.

Бұл интеллектуалдық механизм Иран, Бұхара, Қазан және Ыстанбұл арасындағы тарихи зияткерлік байланыстар шеңберінде жұмыс атқарды. Араб тіліндегі канондық мәтіндер парсы және шағатай-түркі тілдеріндегі түсіндірмелер арқылы жаңа ортаға бейімделіп, аймақтық ғылыми контексте қайта интерпретацияланды. Соның нәтижесінде мәтіндік қозғалыс тек кеңістіктік ауысуды ғана емес, мазмұндық трансформацияны да қамтыды.

Енді осы айтылғандарды дәйектей үшін «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтауда тұрған жоғарыда аты аталған кейбір еңбектерге қысқаша тоқталуды жөн санаймыз.

«*Чахор кітаб*» (چهار کتاب). Бұл ақида (сенім негіздері), *фиқһ*, тәпсір, хадис немесе ахлақ саласына қатысты кітаптар жинағы. Діннің осы төрт саласына қатысты болғандықтан мұны парсы тілінде әдетте «*Чахор китоб*» яғни «Төрт кітап» деп атап кеткен. Басқаша айтқанда, бұл кітап ислам дінінің негізгі сенімдік және ғибадаттық қағидаларын жүйелі түрде баяндайтын Орта Азия елдерінде кең тараған дәстүрлі оқу мәтіндерінің жинағы. Кітапхана қорында (ОҒК, инв. №177) сақталған соңғы бетінде 1302 хижра жылы көрсетілген, бұл оның шамамен 1884-1885 жж. көшірілгенін аңғартады.

Келесі кітап «*Бидил* – بيدل». Бұл 1901 жылы Ташкентте басылып шыққан (ОҒК, инв. №53). Авторы – 16644-1720 жылдары өмір сүрген Мирза ‘Абдулқадыр Бидил (ميرزا عبد القادر). Ол парсы тіліндегі сопылық-философиялық поэзияның көрнекті өкілі, «үнді стилі» әдеби мектебінің ірі тұлғасы. Оның поэзиясында жаратылыс, рух, интуиция, ақыл мен жүрек арақатынасы, адам мен ғалымның бірлігі, «Кемел адам» (الإنسان الكامل) мәселесі көркем әрі күрделі символдар арқылы баяндалады.

«*Бидил*» – ақынның поэзиядағы лақаб аты. Көбіне ғашықтық, діни және сопылық тақырыбына арнап өлең жазуына байланысты «*би-дил*» яғни «жүрегі жоқ» атанған.

Жаратушыға ғашық жанның жүрегі ғашықтық отына күйіп, жоқ болып кетеді деген оймен ақын осы атты өзінің поэзиядағы лақап аты ретінде таңдаған (Қамбарбекова, 2015).

Бидил диуаны парсы тілді классикалық әдебиеттің маңызды жазба ескерткіші әрі ол Үндістан, Иран, Орталық Азия аймақтарындағы әдеби-философиялық дәстүрге зор ықпал еткен шығарма ретінде бағаланатыны белгілі. Осы арада айта кететін бір мәселе, Орталық ғылыми кітапхана қорында Мирза ‘Абдулқадыр Бидилдің (میرزا عید القادر بیدل) – «Диуан Бидил» (دیوان بیدل) 1358 хижра (шамамен 1939-1940) жылы Алматы қаласында көшірілген (ОҒК, инв. №3693) сақталуда. Бұл диуанда Бидилдің ғазалдары, қасидалары, рубаилары мен философиялық лирикасы топтастырылған.

Орталық ғылыми кітапхана қорында Әлішер Науаидың (علي شير نوائي) бірнеше кітабы сақталған. Атап айтсақ, 774 инвентарлы нөмерімен 1901 жылы Ташкентте басылып шыққан 120 беттік еңбегі; 240 инвентарлы нөмерімен сақталған «Махбуб әл-Қулуб» (محبوب القلوب) 1325/1907 жылы Ташкентте басылып шыққан 156 беттік еңбегі; 237 инвентарлы нөмерімен сақтаулы «Хамисе Науауи» (خمسيه نوائي) атты 642 беттік қолжазбасы; 103 инвентарлы нөмерімен сақталған 1884 жылы ташкентте басылып шыққан 277 беттік тағы бір еңбегі; сонымен қатар «Хамса Мир ‘Алишер Науауи» (خمسيه مير علي شير نوائي) атты Ташкент қаласында 1901 жылы басылып шыққан, 516 беттік еңбегі (ОҒК, инв. №633); «Қасаид ‘Алишер Науауи» (قصائد علي شير نوائي) атты қолжазбасы (ОҒК, инв. №529); 638 беттік «әл-Хамса» (الخمسة) қолжазбасы (ОҒК, инв. №635).

Бұл туралы Ғ.Ә. Қамбарбекова, Г.М. Әбикованың «Алматы кітапхана қорларындағы Әлішер Науаидің қолжазбалары мен көне басылымдары» атты ғылыми мақаласында кеңінен талданған (Қамбарбекова, Әбикова, 2022).

Орталық ғылыми кітапхана қорында Әбу Насыр әл-Фәраһидің (أبو نصر الفراهي) – «Шарх Нисаб ас-Сибиан» (شرح نصاب الصبيان), (ОҒК, инв. №7899) 1861 жылы Делиде басылып шыққан 111 беттік кітабын да кездестіруге болады.

Кітапхана қорында Сопы Аллаярдың бірнеше кітабы бар. Атап айтар болсақ: 1903h/1321 жылы Ташкент қаласында жарық көрген 292 беттік «Мәсәлик әл-Муттақин» (مسلك المتقين) кітабы (ОҒК, инв. №343) және 8, 403, 622, 99, 164, 2234 инвентарлы нөмерімен сақталған осы кітаптың бірнеше нұсқаларымен қатар «Сәбәт әл-‘Ажизин» (ثبات العاجزين) кітабының парсы, шағатай тілдеріндегі нұсқалары сақтаулы тұрғаны белгілі болып отыр. Осы арада, бұл кітаптардың әртүрлі баспаларда (Ташкент, Қазан, Лакхнау қалаларында) басылып шыққанын да айта кету керек.

Бұған қоса, зерттеу барысында 1877 жылы шағатай тілінде жазылған «Шизр фи шаригат әл-Исламия» (شعر في الشريعة الإسلامية) атты қолжазба (ОҒК, инв. №357) және «Ғазллар» (غزله) деген (жазылған яки көшірілген жылы белгісіз) бір қолжазба (ОҒК, инв. №175) сақталып тұрғандығы анықталып отыр. Бұл екі қолжазбаның да алғашқы бетінде Сопы Аллаярдың аты кейіннен жазылғандығын аңғаруға болады.

Бұдан бөлек, ‘Абд әл-Қаһир әл-Журжәнидің (عبد القاهر الجرجاني) – «әл-‘Ауамил фи ән-Наху» (العوامل في النحو) (ОҒК, инв. №132); «әл-Кәфия» (الكافية) араб-парсы тіліндегі араб тілінің грамматикасы туралы кітап (ОҒК, инв. №673); ‘Абдурахман Жәмидің (عبد الرحمن جامي) – «Фәуәид Диәә әл-Ма’руф би Шарх Мулла Жәми» (فوائد ضيائية المعروف بشرح ملا جامي) (ОҒК, Инв. №28); сонымен қатар ‘Абдурахман Жәмидің (عبد الرحمن جامي) еңбегіне жазылған бірнеше шарх (түсіндірме) кітаптар бар. Атап айтар болсақ: «Шарх Мулла Жәми» (شرح ملا جامي) 1902 жылы Бомбейде басылған, 392 бет (ОҒК, инв. №71); «Шарх Мулла Жәми» (شرح ملا جامي) 1303h/1896



жылы, Делиде басылған, 380 бет (ОҒК, инв. №30); «*Шарх Мулла Жәми ма 'а Хашият Исам әд-Дин*» (شرح ملا جامي مع حاشية عصام الدين) 1321h/1904 жылы, Делиде басылған, 333 бет (ОҒК, инв. №31); «*Шарх Мулла Жәми*» (شرح ملا جامي) 1328h/1911 жылы Бомбейде басылған, 392 бет (ОҒК, инв. №72).


Кітапхана қорында классикалық парсы әдебиетінің көрнекті өкілі Сағди Ширазидің мәснәуи үлгісінде жазылған және адамгершілік пен рухани тәрбиені насихаттайтын сопылық-этикалық мазмұнмен ерекшеленетін еңбектері де кітапхана қорында тұр. Атап айтар болсақ: Үндістанда 1987 жылы жарық көрген 123 беттік Сағди Ширази (سعدي الشيرازي) еңбегі (ОҒК, инв. №56); Шейх Мұслих әд-Дин Ширази (شيخ مصلح الدين شيرازي) – «*Бұстан*» (بوستان) Ташкентте жарық көрген, жылы белгісіз, 230 беттен тұрады (ОҒК, инв. №1942).

Сонымен қатар, Орталық ғылыми кітапхана қорында Әбу 'Абд әл-Ахад (أبو عبد الأحد) «*Та'лим әл-Мутә 'аллим*» (تعليم المتعلم) атты еңбегі (ОҒК, инв. №465) сақтаулы. Бұл кітап 1952 жылы Қазанда басылған, 98 беттен тұрады. Сондай-ақ осы кітаптың 1902 жылы Қазанда басылған «*Та'лим әл-Мутә 'аллим тәржумеси*» (تعليم المتعلم ترجمه سي) атты аударма нұсқасы (ОҒК, инв. №1780) бар.

Мұнан бөлек, Әбу әл-Мунтәһә (أبو المنتهي) – «*Фиқһ Кидани*» (فقه كيداني) Ташкент 1895, 270 бет (ОҒК, инв. №69); 'Убайдулла ибн Мас'уд ибн Тәж әш-Шари'a (عبيد الله بن مسعود تاج الشريعة) тиесілі «*Мұхтасар әл-Уиқая*» (مختصر الوقاية) кітабының кітапхана қорында 15-тен аса нұсқаларының сақтаулы тұрғандығы Орта Азияда XV-XIX ғасырларда Бұхара, Самарқанд, Хиуа медреселерінде, Ташкент, Қазан сондай-ақ Қазақ даласында кеңінен оқытылған фиқһ саласындағы ең негізгі еңбектердің бірі болғандығын анық көрсетеді. Нақтырақ айтар болсақ, Орталық ғылыми кітапхана қорында: «*Мұхтасар әл-Уиқая фи Мәсәил әл-Ғидәя*» (مختصر الوقاية في مسائل الهداية) 1315h/1897 жыл, Қазан, 152 бет (ОҒК, инв. №80); «*Мұхтасар әл-Уиқая фи Мәсәил (Дәлилу әл-Әнзимә әт-Тәнзимишия әт-Туркия)*» (مختصر الوقاية في مسائل الهداية (دليل) (الأنظمة التنظيمية التركية) 1306h/1889 жыл, Ташкент 358 бет (шағатай тілінде) (ОҒК, инв. №210); «*Мұхтасар әл-Уиқая*» (مختصر الوقاية) 1909 жыл, Қазан 198 бет (ОҒК, инв. №531); «*Мұхтасар әл-Уиқая фи Мәсәил әл-Ғидәя*» (مختصر الوقاية في مسائل الهداية) 1327h/1910 жыл, Қазан, 200 бет (ОҒК, инв. №73); «*Мұхтасар әл-Уиқая фи Мәсәил әл-Ғидәя*» (مختصر الوقاية في مسائل الهداية) 1911 жыл, Қазан, 184 бет (ОҒК, инв. №285); «*Мұхтасар әл-Уиқая фи Мәсәил әл-Ғидәя*» (مختصر) 1911 жыл, Қазан, 232 бет (ОҒК, инв. №671) және XX ғасырдың басында басылып шыққан 6, 139, 192 инвентарлы нөмерлерімен сақталған нұсқалары бар.

Түрлі жағдайларға байланысты бұл кітаптардың кейбір нұсқаларының титулдық беті сақталмағандықтан басылып шыққан жылы мен баспасын анықтау қиындық туғызады, әрі бұл алдағы уақытта терең мәтіндік салыстырмалы ғылыми зерттеу жүргізуді талап етеді. Сонымен қатар бұл еңбекке жазылған *шарх* (түсіндірме) кітаптардың да көп болуы жоғарыда айтылған сөзіміздің дәлелі болары анық. Атап айтар болсақ, Абд әл-Хай ибн Абдулхалим әл-Кинауи (عبد الحي بن عبد الحليم الكنوي) – «*Шарх әл-Уиқая 'Умдат әр-Ри 'ая мә 'а хашиятиһи*» (شرح محمد عبد) (شرح الوقاية عمدة الرعاية) 1909 жыл, Дели (ОҒК, инв. №62); Мұхаммад Абудлахад (الأحد) – «*Шарх әл-Уиқая 'Умдат әр-Ри 'ая*» (شرح الوقاية عمدة الرعاية) 1909 жыл, Ташкент, 412 бет (ОҒК, инв. №37); «*Шарх әл-Уиқая Умдат әр-Ри'ая*» (شرح الوقاية عمدة الرعاية) 1909 жыл, Дели, 412 бет (ОҒК, инв. №148); Мұхаммад 'Абдусәлам (محمد عبد السلام) «*Шарх әл-Уиқая 'Умдат әр-Ри 'ая*» (شرح الوقاية عمدة الرعاية) 1342h/1924 жыл, Ташкент, 413 бет (ОҒК, инв. №76); «*Шарх әл-Уиқая 'Умдат әр-Ри 'ая мә 'а хашиятиһи*» (شرح الوقاية) (عمدة الرعاية مع حاشيته) 1302h/1885 жыл, Лахнау, 413 бет (ОҒК, инв. №63) және басқа да 61, 68 инвентарлы нөмерімен сақталған нұсқалары бар.

Зерттеу нәтижесінде Орталық ғылыми кітапхана қорында медицина саласына да қатысты еңбектердің бар екендігі анықталып отыр. Дәлірек айтар болсақ, әл-Чағминидің (الجغميني) «*Қанунче*»




(қанонже) (OFK, инв. №1898) кітабы. Бұл кітап һижра жыл санауы бойынша 1312 (шамамен 1894) жылы Қазанда басылған. Бұл кітаптың кітапхана қорында 1025, 8248 инвентарлы нөмерімен сақталған нұсқалары бар. Бұл еңбектің авторы Махмуд ибн Мухаммад ибн ‘Омар әл-Чағмини (محمود بن محمد بن عمر الجعيني) Орта Азия аймағында, Хорезмде шамамен XII-XIII ғғ. өмір сүрген.

Әл-Чағминидің «Қанунче» (қанонже) еңбегі бұл исламдық медициналық дәстүр аясында жазылған ықшам медициналық трактаттардың бірі. Мазмұндық тұрғыдан алғанда, бұл трактат өзіне дейін қалыптасқан медициналық ілімге сүйенеді. Әсіресе, исламдық медицина тарихындағы классикалық канондық туынды – Ибн Синаның «әл-Қанун фи ат-Тыбб» (القانون في الطب) еңбегінің ықпалы айқын. Кітап авторы Ибн Синаның еңбегін басшылыққа ала отырып, оның теориялық құрылымын, негізгі қағидаларын ықшамдап, оқу үдерісіне бейімделген нұсқа ұсынған деген тұжырым жасауға болады. Басқаша айтқанда, бұл күрделі әрі көлемді «әл-Қанун фи ат-Тыбб» (القانون في الطب) мәтінін қысқартып, жүйелеп беруге бағытталған дидактикалық сипаттағы еңбек.

Сондай-ақ кітапхана қорында Шәмсуддин Мұхаммад әл-Қыһыстанидің (شمس الدين محمد) Қазан қаласында 1905 жылы жарық көрген «Жәмийә Румуз Фауас әл-Бәхрайн» (جامع رموز غوامس البحرين) атты көлемді еңбегінің бірнеше нұсқасы сақтаулы екені анықталды. Атап айтар болсақ, бұл кітап кітапхананың қорында 212, 43, 655, 74, 656 инвентарлы нөмерлерімен сақталуда.

Сонымен қатар, Орталық ғылыми кітапхана қорында Нәжмуддин Әби әл-Хасан ‘Али ибн Мұхаммед (نجم الدين ابي الحسن علي) «Шарх Хикмәт әл-‘Айн» (شرح حکمة العين) 1315h/1897 жыл, Қазан, 386 бет (OFK, инв. №664); Бурхан әд-Дин әл-Марғинани (برهان الدين المرغيناني) «әл-Һидәя фи Шарх Бидәя мә‘а Музил әд-Дурриә ли Муқаддимат әл-Һидәя» (الهداية في شرح بداية مع مزيل الدرية) 1314/1897 жыл, 623 бет (OFK, Инв. №24); «Шарх әл-Чағмини» (شرح الجعيني) 1884 жыл, Дели, 602 бет (OFK, инв. №41); Мұхаммед ибн ‘Абдулла әл-Хатыб әт-Тебризи (محمد بن عبد الله الخطيب) «Мишкәт әл-Мәсабиһ» (مشكاة المصابيح) (OFK, инв. №281) сынды кітаптар сақталып тұр.

Осы «Мишкәт әл-Мәсабиһ» (مشكاة المصابيح) қолжазбасының 818-бетіндегі: «Бұл «әл-Мишкәт» деп аталатын мүбарак нұсқаның көшірушісі Ахмад ибн Жәмәл Уаһни әл-Бұхари, һижраның 1032 жылы (هذه النسخة المتبركة المسمى بالمشكاة أحمد جمال واهني بني بخارى في سنة ١٠٣٢ هجرية)», – деген жазудан, бұл қолжазба XVII ғасырдың басында көшірілгендігін аңғарамыз. Зерттеу бойынша бұл қолжазба Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар қорында сақталған араб тіліндегі еңбектердің ішіндегі хронологиялық тұрғыдан ең көне жазба жәдігерлердің бірі екендігі анықталып отыр. Бұл қолжазба қор құрамындағы араб тілді жазба мұраның тарихи тереңдігі мен аймақтық білім кеңістігімен сабақтасып жатқандығының тағы бір дәлелі бола алады.



### Қорытынды

Біз бұл мақаланы әзірлеу барысында Орталық ғылыми кітапхана қоры негізінде жинақталған материалдарды жүйелеу шығыс (араб, парсы, шағатай-түркі) тілдеріндегі еңбектерді тақырыптық, хронологиялық және географиялық құрылымын анықтауға талпыныс жасадық. Талдау нәтижесінде кітапхана қорындағы араб тіліндегі канондық мәтіндердің басым бөлігін *фиқһ* (ислам шариғаты) саласына қатысты әдебиеттер, әсіресе «Мухтасар әл-Уиқая» және «Шарх әл-Уиқая» яғни оның түсіндірмесіне арналған еңбектер құрайтындығы анықталды. Мақаланы әзірлеу кезіндегі зерттеу барысында олардың жалпы саны он алты (16) кітапты құрып отыр. Бұл сан алдағы терең зерттеулер кезінде саны тағы да

артуы ықтимал. Осы арада сөз етіп отырған «*Мухтасар әл-Уиқая*» және «*Шарх әл-Уиқая*» еңбегінің ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында 16, 17, 18, 46, 59, 68, 79, 124, 125, 134, 148, 173, 178, 188, 315, 62, 182, 187, 202, 206, 214, 242, 243, 260, 305, 307 тіркеу нөмірлерімен барлығы жиырма алты (26) қолжазба нұсқаның сақтаулы тұрғандығын еске салсақ, бұл қазіргі Қазақстан аумағының дәстүрлі ислами білім жүйесінде құқықтық мәтіндердің басымдыққа ие болғандығына нақты дәлел бола алады.

Бұған қоса, шығыс әдебиеті және сопылық мұраның (мысалы: Науаи, Хафиз, Бидил, Сопы Алляр т.б. еңбектері) елеулі үлесі рухани-этикалық және көркем-танымдық бағыттың да маңызды орында болғанын айғақтайды.

Қорда сақталған сирек басылымдардың географиясы олардың Бұхара, Ташкент, Тегеран, Ыстанбұл, Дели, Лахор, Лакхнау, Қазан сияқты ислам өркениетінің ірі баспа орталықтарында жарық көрегенін көрсетеді. Бұл дерек исламдық білімнің трансөңірлік сипатта дамып, Орталық Азия кеңістігінің аймақаралық зияткерлік байланыстар жүйесіне белсенді қатысқанын дәлелдейді. Осылайша араб, парсы, шағатай-түркі тілдеріндегі еңбектердің бір қорда тоғысуы елімізде мәтіндік жазда мәдениеттің көптілі әрі динамикалық болғанын аңғартады.

Бұған қоса, қор материалдары дәстүрлі исламдық білім беру жүйесінің канондық құрылымын және пәндердің құрылымдық сатылану жүйесін көрсетеді. Атап айтқанда араб тілінің грамматикасы, морфологиясы, Ханафи фикһы, усул әл-фикһ, хадис, тарихи-биографиялық әдебиет, философия, астрономия, медицина, арифметика сияқты негізгі пәндердің қамтылуы медреселік оқу бағдарламасының жүйелі әрі институционалдық сипатта қалыптасқанын дәлелдейді.

Орталық ғылыми кітапхана қорында Қазан, Дели, Мысыр басылымдарымен қатар 1032 нижра (шамамен 1622-1623) жылымен мерзімделген қолжазбаның болуы «Бұхара – Қазан – Дели – Ыстанбұл» бағытындағы ғылыми алмасудың үздіксіз жалғасып отырғандығын айғақтайды. Мұндай мәтіндік қозғалыс бүгінгі Қазақстан аумағының исламдық зияткерлік кеңістікте шеткері аймақ болмағанынан, керісінше Ханафи-Матуриди дәстүріне сүйенген өңіраралық ғылыми коммуникацияның құрамдас бөлігі ретінде қызмет атқарғанын дәлелдейді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның исламдық зияткерлік тарихын кең ауқымды өңіраралық ғылыми байланыстар контекстінде қарастыруға мүмкіндік беретін маңызды деректік негіз болып табылады.

Қорыта айтқанда, Орталық ғылыми кітапхана қорындағы араб, парсы, шағатай-түркі (қазақ, өзбек, татар, ұйғыр т.б.) тілдеріндегі жазба мәтіндер аймақтық исламдық білім жүйесінің көпдеңгейлі әрі трансөңірлік сипатын танытады. Сондықтан аталған сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры архивтік дереккөз ғана емес, Орталық Азиядағы канондық білім айналымының қалыптасу мен эволюциясын бейнелейтін тұтас интеллектуалдық мұра әрі мәдени жады кеңістігі ретінде бағалануы тиіс.

#### Әдебиеттер:

Абдулло, Бакир, 2008 – *Сафар Абулло* Каталог рукописных книг на персидском языке: из собрания Национальной библиотеки Республики Казахстан/ отв. ред. Сафар Абдулло. Сост.: Сафар Абулло, С.М. Бакир Камаледдин; пред. Сафар Абулло. // Алматы: «Дайк Пресс», 2008. 156 с. + 88 с.вкл.

Қамбарбекова, Әбикова, 2022 – *Қамбарбекова Ф.Ә., Әбикова Г.М.* Алматы кітапхана қорларындағы Әлішер Науаидың қолжазбалары мен көне басылымдары. // ҚазҰУ. Шығыстану сериясы. №1 (100) 2022.

Қамбарбекова, 2015 – *Қамбарбекова Ф.Ә.* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ғылым комитеті «Ғылым ордасы» ғылыми кітапханасының Сирек қорындағы парсы тіліндегі кітаптардың каталогы. Құраст. Қамбарбекова Ф.Ә.; Бас ред. Қ.Е.Қаймақбаева; жауапты ред. Ә.К. Муминов. // Алматы: «Ғылым ордасы» баспа үйі, 2015. 400 б.

Қамбарбекова, 2011 – Қамбарбекова Ф.Ә. Парсы тіліндегі кітаптардың каталогы құраст. Қамбарбекова Ф.Ә.; жауапты ред. Ә.К.Муминов. // Алматы: ЖШС «Полиграфкомбинат», 2011. 192 б.

Муминов, 2015 – Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии / (под редакцией С.М.Прозорова) // Алматы: Қазақ энциклопедиясы 2015.400 с.

Мустафаева, Мухитдинов, Палтөре, 2025 – Құраст. Мустафаева А., Мухитдинов Р., Палтөре Ы. Араб тіліндегі баспа кітаптардың каталогы. I том. // Алматы: «Nur-Mubarak» баспасы, 2025. 208 б.

Насруллаев, 2024 – Насруллаев Н. Орталық Азияның интеллектуалдық, білім беру және діни өміріндегі «Mukhtasar al-Wiqaya» және оның «Sharkh al-Wiqaya» түсіндірмесінің маңызы. // EPRA international Journal of Multidisciplinary Research (IJMR), 10 (4), 350-356. <https://doi.org/10.36713/epra.2013>.

Рамзи, 1908 – Рамзи М. Талфик аль-Ахбар ва Талхик аль-Асар фи Вака ь Казан ва Булгар ва Мулюк ат-Татар // Оренбургъ. «Каримовъ, Хусаиновъ и Ко». 1908.

Усманов, 2018 – Усманов И. Әл-Истиғраб әл-Әсяуи (الاستعراب الآسيوي) // 1(1) 2018. Қаңтар-Маусым.

#### References:

Abdullo, 2018 – *Abdullo Safar* (Ed). Katalog rukopisnykh knig na persidskom yazike: iz sobraniya Natsionalnoy biblioteki Respubliki Kazakhstan [Catalogue of Persian Manuscripts from the Collection of the National Library of the Kazakhstan]. Compiled by Safar Abdullo and S.M.Bakir Kamaledini; Foreword by Safar Abdullo. // *Almaty: Daik Press, 2008. 156p. + 88p. plates. (in Rus).*

Kambarbekova, 2011 – *Kambarbekova G.A. (Comp.) Parsi tilindegi kitaptardyn katalogy. [Catalogue of Persian-Language Books] responsible Editor: Muminov A.K. // Almaty: Polygraphkombinat LLP, 2011. 192p. (in Kaz)*

Kambarbekova, 2015 – *Kambarbekova G.A. Qazaqstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrliги Gylym komiteti «Gylym ordasy» Ortaliq Gylymi kitaphanasynyng Sirek qorindagy parsi tilindegi kitaptardyn katalogy. Qurast.: Kambarbekova G.A.; Bas red.: Q.E.Qaymaqbaeva; Zhauapty red.: A.O. Muminov. [Catalogue of Persian-Language Books in the Rare Collection of the scientific Library of «Gylym ordasy» under the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan].// Almaty: Gylym ordasy Publishing House, 2015. 400p. (in Kaz)*

Kambarbekova, Abikova 2022 – *Kambarbekova G.A., Abikova G.M. Almaty kitaphana qorlarindaghi Alisher Navaiydyн qolzhazbalary men kone basylymdary [Manuscripts and Early Printed Editions of Alisher Navoi in the Library Collection of Almaty] // Oriental Studies Series of Al-Farabi Kazakh National University, No. 1(100). 2022. (in Kaz)*

Muminov, 2015 – *Muminov A.K. Khanafitskiy mazhab v istorii Tsentralnoy Azii (pod redaksiyey S.M. Prozorova) [The Hanafi Madhhab in the History of Central Asia. Edited by S.M. Prozorov]. // Almaty: Qazaq Encyclopedia, 2015. 400p. (in Rus)*

Nasrullaev, 2024 – *Nasrullaev N. An importanse of «Mukhtasar al-Wiqaya» and its commentary «Sharkh al-Wiqaya» in the intellectual, educational, and religious life of Central Asia.// EPRA international Journal of Multidisciplinary Research (IJMR), 10 (4), 350-356. <https://doi.org/10.36713/epra.2013>. (in Eng)*

Ramzi, 1908 – *Ramzi M. Talfiq al-Akhbar wa Talqih al-Athar fi Waqai Kazan wa Bulgar wa Muluk al-Tatar [The Compilation of Reports and the Clarification of Traditions Concerning the Events of Kazan and Bulgar and the Kings of the Tatars] // Orenburg: Steam Typo-Litography of the Partnership Karimov, Khusainiv & Co., 1908. (in Arab)*

Usmanov, 2018 – *Usmanov I. Al-Istirab al-Asiyawi (الاستعراب الآسيوي) [Asian Arabizm] // 1(1) January-June. (in Arab)*

<sup>1</sup>Paltore Y., <sup>2</sup>Omarbekova Zh.

<sup>1</sup>Nur-Mubarak University of Islamic Culture of Egypt, Almaty, Kazakhstan

<sup>1</sup>Eurasian Research Institute, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Central Scientific Library of the RSE «Gylym Ordasy», Rare Books Department, Almaty, Kazakhstan

E-mail: <sup>1</sup>yktiyp@gmail.com, <sup>2</sup>zhuldyz.omarbekova01@gmail.com

**THE MULTILINGUAL MANUSCRIPT HERITAGE OF KAZAKHSTAN:  
CULTURAL MEMORY, EDUCATIONAL CANON AND THE TRANSFORMATIONAL  
CIRCULATION OF ARABIC, PERSIAN, AND CHAGATAI TEXTS  
(BASED ON THE COLLECTION OF THE CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY)**

**Abstract.** The article examines the collection of manuscripts in Arabic, Persian and Chagatai languages collected in the funds of the Central Scientific Library of the Republic of Kazakhstan as a phenomenon of multilingual intellectual heritage. The study is aimed at considering the Arabic language as a canonical textual basis in the system of Islamic education and determining its role in the formation of regional cultural memory and the tradition of Madrasah teaching. The collection of manuscripts stored in the library is interpreted not as a set of bibliographic data, but as a cultural and intellectual structure reflecting the mechanisms of distribution, adaptation and historical continuation of the scientific canon. In the course of the study, textual typology and comparative methods were used, and the content directions of manuscripts were determined. It noted that the main texts in the Arabic language played a key role in law, grammar, Sufism and religious-didactic fields, and expanded through commentary and poetic processing in the Persian and Chagatai-Turkic languages. The results of the study show that this fund is one of the largest in Central Asia today. The empirical basis of this study constituted by the collection of the Central Scientific Library within the "Gylym Ordasy" complex. This collection represents one of the principal and most representative repositories of Islamic manuscript heritage in Kazakhstan and is of particular significance for scholarly circulation. The aim of the research is to analyze the systematization practices applied to Arabic-language manuscripts and rare printed works preserved in the collection of the Central Scientific Library of RSE "Gylym Ordasy" through the theoretical frameworks of the cultural memory, canon formation, and textual transmission. In addition, the study seeks to determine the role of Arabic-language texts in the formation of the Islamic intellectual tradition in the territory of Kazakhstan and in the intergenerational transmission of historical knowledge. In other words, the manuscripts are examined not merely as bibliographic objects, but as material manifestations of intellectual continuity and regional knowledge networks. First, the study identifies the thematic, structural, and functional characteristics of canonical Arabic manuscripts preserved in Kazakhstan and systematizes them in a manner that provides a solid scholarly foundation for subsequent codicological and textual research. Second, by analyzing the interconnections between canonical text written in Arabic and their interpretative and adaptive traditions in Persian and Chagatai-Turkic, the research outlines a structural model of a multilingual intellectual space.

**Acknowledgement:** This article was prepared within the framework of the program-targeted funding project BR28712621 "Manuscript Heritage of Kazakhstan: Registration, Restoration, Scholarly Cataloguing, Digitization, and Comprehensive Codicological Studies," supported by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** multilingual manuscript heritage, Arabic canon, cultural memory, Islamic educational tradition, textual continuity, Central Scientific Library

<sup>1</sup>Палторе Ы., <sup>2</sup>Омарбекова Ж.

<sup>1</sup>Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы., Казахстан

<sup>1</sup>Евразийский научно-исследовательский институт Международного казаско-турецкого университета имени Хожда Ахмеда Ясави, г. Алматы., Казахстан

<sup>2</sup>Отдел редких книг Центральной научной библиотеки РГП «Гылым ордасы», г. Алматы., Казахстан

E-mail <sup>1</sup>yktiypar@gmail.com, <sup>2</sup>zhuldyz.omarbekova01@gmail.com

## **МНОГОЯЗЫЧНОЕ РУКОПИСНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСТАНА: КУЛЬТУРНАЯ ПАМЯТЬ, ФОРМИРОВАНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО КАНОНА И ТЕКСТУАЛЬНАЯ ТРАНСМИССИЯ АРАБСКИХ, ПЕРСИДСКИХ И ЧАГАТАЙСКИХ ТРАДИЦИЙ (НА БАЗЕ ФОНДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ)**

**Аннотация.** В статье рукописный комплекс на арабском, персидском и чагатайском языках, хранящийся в фондах Центральной научной библиотеки Республики Казахстан, рассматривается как феномен многоязычного интеллектуального наследия. Исследование трактует арабский язык как каноническую текстуальную основу исламской образовательной системы и направлено на выявление его роли в формировании региональной культурной памяти и традиции медресе. Рукописный фонд интерпретируется не как совокупность библиографических единиц, а как культурно-интеллектуальная структура, отражающая механизмы распространения, адаптации и исторической преемственности научного канона. В работе применены количественный анализ, текстологическая типология и сравнительный метод, что позволило определить языковое соотношение и тематические направления корпуса. Показано, что арабские тексты выступали основой в области права, грамматики, суфизма и религиозно-дидактической литературы, расширяясь через персидские и чагатайские интерпретации и поэтические переработки. Результаты подтверждают, что данный корпус отражает целостную и многоуровневую структуру исламского интеллектуального пространства Центральной Азии. Эмпирическую основу исследования составляет фонд Центральной научной библиотеки комплекса «Гылым ордасы». Данный фонд является одним из наиболее репрезентативных собраний, в котором сосредоточена основная часть исламского рукописного наследия Казахстана, и обладает особой значимостью для введения в научный оборот. Цель исследования - проанализировать опыт систематизации арабоязычных рукописей и редких печатных изданий, хранящихся в фонде Центральной научной библиотеки РГП «Гылым ордасы», с позиций теорий культурной памяти, канонообразования и текстовой трансмиссии. Кроме того, исследование направлено на выявление роли арабоязычных текстов в формировании исламской интеллектуальной традиции на территории Казахстана и в процессе передачи исторического знания из поколения в поколение. Иными словами, рукописи рассматриваются не только как библиографические объекты, но и как материальное выражение интеллектуальной преемственности и региональной сети знания. Во-первых, определяется содержательная, тематическая и функциональная структура канонических арабоязычных рукописей, сохранившихся на территории Казахстана, и осуществляется их систематизация с целью создания научной базы для последующих кодикологических и текстологических исследований. Во-вторых, посредством анализа взаимосвязей канонических текстов, написанных на арабском языке, с традициями их толкования и адаптации на персидском и чагатайско-тюркском языках описывается структурная модель многоязычного интеллектуального пространства.

**Благодарность:** Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан BR28712621 «Рукописное наследие Казахстана: реестрирование,

реставрация, научная каталогизация, оцифровка и комплексные кодикологические исследования».

**Ключевые слова:** многоязычное рукописное наследие, арабский канон, культурная память, исламская образовательная традиция, текстуальная преемственность, Центральная научная библиотека.

Information about authors:

Paltore Ykhtiyar, PhD in Oriental Studies (Arabic studies), Associate Professor, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak and Research Fellow, Eurasian Research Institute, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. Almaty, Kazakhstan

Omarbekova Zhuldyz, Corresponding author. Research Fellow, Rare Books Department, Central Scientific Library of the RSE "Gylym Ordasy". PhD Candidate, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan

Авторлар туралы мәліметтер:

Палтөре Ықтияр Молдатөреұлы, шығыстану ғылымдарының (арабтану) PhD докторы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің қауымдастырылған профессоры және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразиялық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері. Алматы, Қазақстан.

Омарбекова Жұлдыз Тұрғанқызы, корреспондент-автор, «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, Сирек кітаптар бөлімінің ғылыми қызметкері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультетінің докторанты. Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Палтөре Ықтияр, доктор философии (PhD) по востоковедению (арабистика), ассоциированный профессор Египетского университета исламской культуры «Нур-Мубарак» и Научный сотрудник Евразийского научно-исследовательского института Международного казахско-турецкого университета Ходжи Ахмеда Ясави. Алматы, Казахстан.

\*Омарбекова Жұлдыз, корреспондент-автор, научный сотрудник отдела редких книг Центральной научной библиотеки РГП «Ғылым ордасы». Докторант факультета востоковедения КазНУ имени аль-Фараби. г. Алматы, Казахстан.

*Келіп түсті 11 желтоқсан 2025 жыл  
Қабылданды 26 қаңтар 2026 жыл*